

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы" Жарлығында көзделген шараларды жүзеге асыруға жұмсалған шығыстың орнын толтырудың тәртібі мен шарттарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 ақпан 1993 ж. N 122. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

Қазақстан Республикасы Президентінің "Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдану жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 4 желтоқсандағы N 1002 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Көп балалы

отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы" Жарлығында көзделген шараларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстың орнын толтырудың ұсынылып отырған тәртібі мен шарттары бекітілсін.

2. Министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар, ұйымдар, жергілікті әкімдер аталған Жарлықта көзделген шаралардың 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 17 ақпандағы  
N 122 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің "Көп балалы отбасыларын әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар туралы" Жарлығында көзделген шараларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстардың орнын толтырудың тәртібі мен шарттары

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы 1992 жылғы 4 желтоқсандағы Жарлығында көзделген жеңілдіктерді алу үшін 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар екенін растайтын анықтама негіз болып табылады. Анықтаманы халық депутаттары жергілікті Кеңестері немесе тұрғылықты жеріндегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары балаларының тууы туралы куәліктерін ұсынған жағдайда береді.

2. 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар жұмыс істемейтін аналарға есептік көрсеткіші мөлшеріндегі жәрдемақыны өтінішіне, еңбек кітапшасына (көшірмесіне) және 7 жасқа дейінгі төрт баласы бар екенін растайтын анықтамасына қарап, тұрғылықты жеріндегі халықты әлеуметтік жағынан қорғау органдары төлейді.

Көп балалы аналарға тіс протездерін (бағалы металдан жасалған протездерден басқасы) тегін жасауды және жөндеуді тұрғылықты жерінен алған анықтамасы мен тісін протездеу қажеттігі туралы дәрігердің дәйектемесін ұсынғанда тұрғылықты жеріндегі тіс емдеу мекемелері жүзеге асырады.

Дәрігердің рецепті бойынша 14 жасқа дейінгі балаларға дәрілерді тегін беруді 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар екенін растайтын тұрғылықты жерден алған анықтаманы көрсеткен жағдайда аптека мекемелері жүзеге асырады.

Қала ішіндегі көлікте (таксиден басқа), сондай-ақ қала маңына қатынайтын және аудан ішіндегі автобустарда аналар мен жалпы білім беретін мектеп оқушыларының тегін жүруін аналарға 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар екенін растайтын анықтаманы көрсеткенде, ал мектеп оқушыларына сол жылдың қыркүйегінен келесі жылдың шілдесіне дейінгі аралықта тұрғылықты жеріндегі жалпы білім мектеп берген анықтаманы көрсеткенде ай сайынғы жол жүру билеттерін беру арқылы жергілікті әкімшілік қамтамасыз етеді.

Жұмыс орындарында санаторийлерге, профилакторийлерге, демалыс үйлеріне және пионер лагерьлеріне жолдамалармен қамтамасыз етуде артықшылықтар беретін хұқықтарды 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар екенін растайтын анықтаманы көрсеткенде жұмыс орнындағы кәсіподақ ұйымы, жұмыс істемейтін әйелдерге - осындай адамдарға арналған кезекке қою тәртібімен халықты әлеуметтік жағынан қорғау органдары қамтамасыз етеді.

Ведомстволық иелігіне қарамастан, емдеу және санаторий үлгісіндегі

мектепке дейінгі балалар мекемелерінде және басқа сауықтыру мекемелерінде балаларды орынмен кезексіз қамтамасыз етуді 18 жасқа дейінгі төрт және одан да көп баласы бар екенін растайтын анықтаманы көрсеткен жағдайда денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.  
N 987 қаулысымен. P960987\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК